

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 наурыз N 421. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1118 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі екі жақты және көп жақты ынтымақтастығы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы, істер министрлігінің үйлестірушілік рөлін күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі үшін бекітілген штат саны лимитінің шегінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті туралы ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріспен толықтыру енгізілсін.

1) < * >

2) "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қазандағы N 1578 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 49, 472-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (Сыртқыісмині) туралы ережеде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ведомствосы - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті бар".

ЕСКЕРТУ. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.09. N 214

қ а у л ы с ы м е н .

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 21 наурыздағы
№ 421 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі құзыретінің шегінде арнайы атқарушылық функцияларды және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі - ТМД) елдерімен ынтымақтастықты ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі, белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

4. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Комитеттің заңды мекен-жайы:
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 10.

6. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы істері жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады.

Комитетке кәсіпкерлік субъектілермен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Комитетке заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру жөнінде құқық берілген жағдайда, мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

9. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының басшылығы үшін Тәуелсіз Мемлекеттердің

Достастығы (бұдан әрі - ТМД) елдерімен екі жақты және көп жақты қатынастарда және ТМД, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (бұдан әрі - ЕурАзЭК), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт (бұдан әрі - ҰҚШ), Орталық Азия Ынтымақтастығы Ұйымы (бұдан әрі - ОАЫ), Түркі тілдес Мемлекеттердің Мәдениет Министрлерінің Тұрақты Кеңесі (бұдан әрі - ТҮРКІСОЙ), Аралды Құтқару Халықаралық Қоры (бұдан әрі - АҚХК) (бұдан әрі - интеграциялық бірлестіктер) шеңберінде Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы жөнінде ұсыныстар әзірлеу; <*>

2) ТМД елдерімен екі жақты және көп жақты ынтымақтастық саласында және интеграциялық бірлестіктерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары қызметінің тиімділігін және үйлестірілген қызметін қамтамасыз ету; <*>

3) Қазақстан Республикасы ТМД елдерімен және интеграциялық бірлестіктер шеңберінде жасасқан, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың орындалуына жалпы бақылауды жүзеге асыру; <*>

4) ТМД елдеріндегі саяси және экономикалық жағдайды зерделеу;

5) мемлекеттік органдарды сыртқы және ішкі саясатты жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;

5-1) терроризмге, сепаратизмге, экстремизмге, заңсыз көші-қонға және заңсыз есірткі айналымына қарсы әрекет жасау жөніндегі интеграциялық бірлестіктерге қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу; <*>

6) ТМД елдерімен экономикалық, сауда және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға жәрдемдесу болып табылады.

6-1) қоршаған ортаны қорғау, трансшекаралық су ресурстарын ұтымды пайдалану саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға жәрдемдесу; <*>

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.11. N 1109 қаулысымен

10. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен және интеграциялық бірлестіктер шеңберінде ынтымақтастығын дамытудың неғұрлым перспективалы және басымдықты бағыттарын айқындау жөнінде Қазақстан Республикасының басшылығына ұсынымдар мен ұсыныстар енгізеді; <*>

1-1) интеграциялық бірлестіктер шеңберінде іс-шаралар өткізудің және өткізілетін іс-шараларға Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдері қатысуының орындылығы туралы ұсыныстарды әзірлейді; <*>

2) ТМД мемлекеттерінің сыртқы және ішкі саясатының, экономикалық дамуының түрлі аспектілері бойынша талдамалық, ақпараттық және анықтамалық материалдарды дайындайды;

2-1) Қазақстан Республикасының интеграциялық бірлестіктерге қатысушы мемлекеттермен халықаралық шарттар жасасуы жөнінде келіссөздер жүргізеді; < * >

3) интеграциялық бірлестіктердің жарғылық органдарының мәжілістеріне Қазақстан Республикасының ұстанымы бойынша ұсыныстар әзірлейді; < * >

4) ТМД, интеграциялық бірлестіктердің жарғылық органдарымен тұрақты жұмыс бабындағы байланыстарды ұстап тұрады; < * >

5) бірлескен жобаларды, келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру қажетті ақпарат пен құжаттамаларды алмасу жөнінде Қазақстан Республикасының ТМД елдеріндегі елшіліктерімен, сондай-ақ ТМД мемлекеттерінің Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдіктерімен тұрақты байланысты жүзеге асырады;

6) ТМД елдерінде Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясаты қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірі туралы ақпарат таратуға жәрдемдеседі;

7) ТМД елдерімен жоғары және биік деңгейдегі сапарларды және интеграциялық бірлестіктер шеңберіндегі кездесулерді әзірлеуге және өткізуге қатысады; < * >

8) ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялардың жұмысын үйлестіреді, комиссиялардың кезекті мәжілістерін өткізуді қамтамасыз етеді, мәжілістердің қорытынды хаттамаларын дайындайды және белгіленген уағдаластықтардың іске асуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

9) ТМД елдерімен Қазақстанның мемлекеттік шекарасын делимитациялау жөніндегі келіссөздерді әзірлеуге және өткізуге қатысады.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.11. N 1109 қаулысымен.

11. Комитеттің заңдарда белгіленген тәртіппен және құзыретінің шегінде:

1) Қазақстан Республикасының министрліктерінен, ведомстволарынан және агенттіктерінен, жергілікті атқарушы органдары мен шетелдік мекемелерінен, интеграциялық бірлестіктердің институттарынан ТМД шеңберіндегі екі жақты және көп жақты ынтымақтастыққа қатысты анықтамалық және өзге де материалдарды сұратуға және алуға, сондай-ақ аталған органдар мен ұйымдарға белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты беруге; < * >

2) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу үшін тиісті мамандарды тартуға; Қазақстан Республикасының интеграциялық бірлестіктерге қатысушы мемлекеттермен екі жақты және көп жақты ынтымақтастықтың проблемалық мәселелері бойынша тұжырымдамалық позициясын әзірлеу жөніндегі сарапшылардың қатысуымен уақытша жұмыс топтарын құруға; < * >

3) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын, интеграциялық бірлестіктерге қатысушы мемлекеттер жасасқан халықаралық шарттардың орындалуына кедергі келтіретін Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволарының, агенттіктерінің және жергілікті атқарушы органдарының нормативтік құқықтық актілерінің қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы ұсыныс енгізуге; <*>

4) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі басшылығының тапсырмасы бойынша Достастық елдерінің сыртқы саяси және басқа да ведомстволарының және интеграциялық бірлестіктер институттарының делегацияларымен, аталған органдар мен ұйымдардың жұмыс топтарымен Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге; <*>

5) Комитеттің құзыретіне жататын проблемалар жөніндегі республикалық және халықаралық конференцияларға, семинарларға, кеңестерге қатысуға; <*>

6) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің басшылығына кадр мәселесі жөнінде, оның ішінде Комитеттің қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін көтеру оларды қызметке тағайындау және қызметтен босату, дипломатиялық дәрежелер беру, материалдық және өзге де көтермелеу жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.11. N 1109 қаулысымен .

3. Комитеттің мүлкі

12. Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

13. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңдарда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитетті Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын вице-министр - төраға басқарады.

Вице-министрдің - Комитет төрағасының, өзінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады. <*>

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.11. N 1109 қаулысымен .

16. Вице-министр - Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды әрі Комитетке жүктелген тапсырмалардың орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін

жеке жауапкершілікте болады. <*>

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.11. N 1109 қаулысымен .

17. Осы мақсатта вице-министр - Комитеттің төрағасы заңдарда белгіленген тәртіппен : < * >

1) өзінің орынбасары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің басшылығымен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат саны лимитінің шегінде Комитеттің құрылымын айқындайды;

3) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің басшылығына Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындау және қызметтен босату жөнінде ұсыныс енгізеді;

4) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің басшылығына Комитеттің қызметкерлерін көтермелеу және оларға тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныс енгізеді;

5) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді ;

6) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің нұсқауы бойынша басқа да тапсырмаларды орындайды.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.10.11. N 1109 қаулысымен .

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

18. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.